

Ауыл шаруашылығы саласында кадрлар даярлауды республиканың 25 жоғары оқу орны (бұдан әрі – ЖОО) және ауылдық жерлерде орналасқан 169 техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдары жүзеге асырады. Ауыл шаруашылығы бағытындағы («Ауыл шаруашылығы», «Ветеринария») білім беру бағдарламалары бойынша ЖОО 8 мыңнан астам студент оқиды, оның ішінде 7 мыңнан астам адам мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) негізінде білім алуда. ТжКБ ұйымдарында 38 мың адам оқиды, оның ішінде 35,9 мың адам, яғни 94%-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алуда.

Ауыл шаруашылығы бағытында мамандарды даярлау үшін мемлекеттік тапсырысы жыл сайын бөлінеді. 2021 жылы «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» мамандықтарына 2920 грант бөлінді (2020 жылы – 2720 грант, 2019 жылы – 2482 грант).

Бұл ретте, көрсетілген мамандықтар бойынша гранттар толық көлемде игерілмейді. Атап айтқанда, 2019-2021 жылдары көрсетілген бағыттар бойынша игерілмеген білім беру гранттарының саны 3778 бірлікті құрады.

«Мәңгілік ел жастары - Индустрияға!» («Серпін») жобасы (бұдан әрі – «Серпін» жобасы) бойынша 2021 жылы бөлінген 5656 гранттың 2102-і (37%), 2020 жылы бөлінген 5107 гранттың 979-ы (19%) ғана игерілді.

Сонымен қатар, өңірлер әкімдіктері, оқу орындарының қабылдау комиссиялары азаматтарды ЖОО мен ТжКБ ұйымдарында оқуға тарту бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді.

Оның үстіне, 2017 жылдан бастап заңнамалық тұрғыда жергілікті атқарушы органдар гранттар бөліп келеді. Көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан, оның ішінде ауылдан шыққан балаларды қолдау мақсатында жергілікті атқарушы органдар 2017 – 2021 жылдар аралығында 8 мыңнан астам грант бөлді.

Бұдан басқа, қолданыстағы заңнама шеңберінде ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға ЖОО және ТжКБ ұйымдарында оқу үшін бекітілген мемлекеттік тапсырысының 30%-ы мөлшерінде квота көзделген (2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 ҚРҰҚ).

2021 жылы ЖОО-да оқу үшін ауылдық квота бойынша (педагогикалық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, медицина, инженерлік ғылымдар, ауыл шаруашылығы және биоресурстар, бизнес және басқару, қызмет көрсету) 16 мыңнан астам грант бөлініп, игерілді.

Сондай-ақ, ауыл жастарын қолдауға бағытталған «Серпін» жобасы бойынша мемлекеттік тапсырыстың жалпы көлемінен 10% квота қарастырылған.

Үкімет аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау бойынша бірқатар шараларды іске асыруда.

Мәселен, 2021 жылы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ЖОО және ТжКБ ұйымдарына оқуға түсу кезінде төрт және одан да көп

кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар үшін 5% көлемінде, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 1%, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, I/II топтағы мүгедектер үшін – 1% көлемінде жаңа қабылдау квоталарын көздейтін норма енгізілген.

Бұдан басқа, жеке квота бойынша жетім балалар (1%), I/II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер (1%), жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдар (0,5%) және диаспора өкілдері отбасыларының балаларына (4%) қабылданады.

Осылайша, мемлекеттік тапсырысының жалпы көлемінің 53,5%-дан астамы халықтың әлеуметтік осал топтары мен ауыл жастары арасынан шыққан азаматтарды қолдау үшін квоталанады.

Квоталанатын орындар көлемінің одан әрі ұлғаюы басқа азаматтардың жоғары білім алуға қолжетімділігін едәуір шектейді және талантты жастардың шетелге кетуіне әкеп соғуы мүмкін.

Жалпы, жастарды қолдау мақсатында жатақханарда тұру үшін жағдай жасалуда. 2021 жылы нысаналы құрылыс есебінен жергілікті бюджет қаражаты есебінен 10 057 төсек-орын, оның ішінде аграрлық жоғары оқу орындарында 750 төсек-орын (*«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КЕАҚ - 300 орын, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ - 450 орын*) пайдалануға берілді. ТЖКБ ұйымдары студенттерінің 60%-ы жатақханадағы орындармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, оқу орындарының есебінен орта мерзімге және ұзақ мерзімге тұрғын үй-жайларды (*тұрғын-үй кешендері, қонақ үйлері, хостелдері*) жалға алу тәжірибесі іске асырылуда.

Бүгінгі күні өңірлердегі ТЖКБ ұйымдарының инфрақұрылымы жеткілікті дамығандығын айта кету керек. ТЖКБ ұйымдары жоқ аудандарда «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде құрылған мобильді оқу орталықтарында (*Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау облыстарында*) 2017 жылдан бастап жұмыссыз және жұмыспен қамтылмаған 1465 адам оқытылып, оның 1261-і (84,4%) жұмысқа орналастырылды. «Баршаға арналған тегін ТЖКБ» жобасы шеңберінде біліктілік алу үшін, оның ішінде ауыл жастары үшін жағдай жасалған (*жоба шеңберінде 2017 жылдан бастап 300 мыңнан астам студент, оның ішінде 150 мың ауыл жастары қамтылды*).

2012 жылдан бастап ауылдық квота шегінде педагогикалық, медициналық және ветеринариялық мамандықтар бойынша оқуға түскен түлектер үшін ауылдық жерлерде үш жылдық жұмыспен өтеуге қатысты норма қолданылады.

Осы норманың қолданысы 2012 жылдан бастап 2020 жылға дейін мемлекеттік грант бойынша ауылдық квотамен 22 625 жас маман оқуын аяқтады.

2019 жылы 2285 жас маман оқуын аяқтаған, оның 89,7%-ы жұмысқа орналастырылған, 2020 жылы 2043 адам оқуын аяқтап, оның 87,9%-ы жұмысқа орналастырылған.

«Ауыл шаруашылығы» бағыты бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру 2019 жылы - 65%-ды, 2020 жылы - 63,5%-ды құрады.

Республика бойынша педагогтерге қажеттілік 3733 адамды құрайды, оның ішінде қалалық жерлерде – 1863 (49,9%), ауылдық жерлерде – 1870 (50,1 %).

Педагогикалық кадрларға қажеттілікті өтеу, сондай-ақ педагогикалық білім берудің тартымдылығын арттыру шараларының бірі педагогикалық бағытта оқитын студенттердің стипендиясын арттыру болып табылады (2020 жылдан бастап студенттердің стипендиясы 20 948 теңгеден 26 186 теңгеге дейін, ал педагогикалық бағытқа 42 мың теңгеге дейін, 2021 жылы 26 186 теңгеден 31423 теңгеге дейін, педагогикалық бағытқа 50 400 теңгеге дейін арттырылды).

Ауылда білім беру сапасын жақсарту үшін 2025 жылға қарай 5000 мектепке жаңғырту жүргізу жоспарлануда, бұл ауыл мектептерінің 95%-ы.

2021 жылы 5000 мектептің 1015-і, 2022 жылы - 1003 мектеп, 2023 жылы - 994 мектеп, 2024 жылы - 994 мектеп, 2025 жылы - 994 мектеп жаңғыртылатын болады.

Барлығы 5000 мектепті жаңғыртуға жергілікті бюджеттен 51,4 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Ауыл мектептерін жаңғырту күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуді, мектептерді пәндік кабинеттермен, мектеп жиһазымен жарақтандыруды, мектеп кітапханалары мен асханаларын жаңғыртуды, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуді қамтиды.

Білім және ғылым министрлігі облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, мектеп құрылысының жаңа моделін бірлесіп қаржыландыруды ескере отырып, алдағы 5 жылға арналған мектеп құрылысына қажеттілікке егжей-тегжейлі талдау жүргізді және 2021-2025 жылдарға арналған 800 мектеп құрылысының жоспар-кестесін әзірледі.